

*С.Ж. Тоқтабеков, әскери және арнайы-тактикалық даярлық кафедрасының аға оқытушысы, полиция подполковнигі
(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы)*

ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ЖҮЙЕСІН ОДАН ӘРІ ЖАҢҒЫРТУДА БІЛІМ ОШАҚТАРЫНЫҢ ҚОСАР ҮЛЕСІ

Ұсынылған тақырыптың мәні — Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың 2012 жылғы 14 желтоқсандағы «Қазақстан-2050 Стратегиясы — қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауына байланысты айтылады.

Әлемдік білім беру кеңістігінде бәсекеге қабілетті және экономиканы индустриялық-инновациялық дамытудың қазіргі заманғы талаптарына жауап беретін тиімділігі жоғары білім беру ғана емес, құқық қорғау жүйесін реформалау Елбасының жыл сайынғы Қазақстан халқына Жолдауларында үнемі қойылып келеді. Биылғы Жолдаудың орны бөлек. Оның дәлелі, соңғы Жолдауында — тәртіпсіздікке мүлде төзбеушілік принципін енгізу, жемқорлыққа қарсы күрес жүргізу, құқық қорғау органдары мен арнаулы қызметтерді реформалауды баса айтты. Сондай-ақ, Жолдауда Елбасымыз 2050 жылдың стратегиялық жоспарын іске асырудың базалық шарттарына тоқталып өтті. Атап айтсақ, құқық қорғау органдарының кадр саясаты тұжырымдамасын және құқық қорғау жүйесін одан әрі жаңғырту бағдарламасының жобасының әзірленуі.

Сондықтан, бүгінгі таңда біздің тыңдаушылар келешек полиция қызметкерлері қатарына қосылып қоғамдық тәртіпті қорғауды қамтамасыз етіп, қылмысқа қарсы табанды күрес жүргізуге, азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын құқыққа қарсы қолсұғушылықтан қорғауда өз қызметтерін мінсіз атқаруды жоғары міндет қояды. Осы маңызды да жауапты мемлекеттік міндеттерді шешу барлық ПО қызметкерлерінен мінсіз қызметтік және жеке басының қасиеттерін талап ететіні айғақ. Сол себепте, Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі оқу орындары алдына әлеуметтік-этикалық және

ұйымдастыру-басқарушылық, кәсіби құзыретті, сауатты құқық қорғау қызметкерлерін даярлау міндеті қойылып отыр. Өз қызметінің спецификасына байланысты құқық қорғау саласы мамандарының кәсіби-тәрбиелікке қалыптастырудың өзіндік ерекшеліктері бар. Адам және азаматтық құқықтарын қорғау, құқық бұзудың алдын алу, заң және құқық тәртіптерін нығайту сияқты кәсіби қызметтің типтік міндеттерін іске асырумен қатар құқық қорғау қызметі үлкен тәрбиелік функция атқарады. Тіптен осы мамандықтың мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарында оның кәсіби қызметінің бір функциясы ретінде педагогикалық функция көрсетілген. Ал маманның өз функцияларын жеткілікті деңгейде орындауы кәсіби әрекетте жетістікті болудың кепілі. Құқық қорғау қызметі тыңдаушыларының кәсіби-тәрбиелікке қалыптастырудың педагогикалық шарты — оны қоғамның талабына сай даярлау. Мұның өзі оларды жаңа ғылыми-педагогикалық идеяларды шығармашылықпен қабылдай алатын, тәрбиенің теориясы мен әдістемесін игерген кәсіби-педагогикалық жүйесін жоғары дәрежедегі маман ретінде даярлау мәселесін тудырады. Яғни құқық қорғау саласындағы білім ошақтарының алдағы басты мақсаты — тыңдаушыларға құқық қорғау міндеттерін шешуге қажетті жоғары моральдық, психологиялық және этикалық қасиеттерді қалыптастыру болып табылады.

Ішкі істер министрлігінің білім ошақтарының алдағы негізгі міндеттері тыңдаушыларға:

- Отанға сүйіспеншілік және Отан туралы мақтаныш сезімін, Конституцияны қорғауда жеке басының жауапкершіліктік сезімдерін ұялату;
- патриоттық және ұлтжанды рухында тәрбиелеу;
- азаматтардың құқықтарын қорғауда адалдыққа тәрбиелеу;
- кәсіби тәрбиеде табандылық пен қайсарлық секілді қасиеттерді қалыптастыру.

Кәсіби тәрбиелікке қалыптастырудың ғылыми деңгейін көтеру іргелі ғылымдардың жаңалықтары негізінде жүзеге асырылады, сондықтан нақты мамандықтың қағидалары осы ғылымдардың заңдарына сүйенуі керек. Сонымен кәсіби даярлық мазмұны, ең алдымен оның негізділігін білдіреді, яғни мамандардың жалпы ғылыми даярлығын жетілдіруді талап етеді.

Әлемде өркениеттердің даму процестері бүгінгі күннің сұранысына сай Қазақстанда жаңа деңгейде жұмыс жасайтын, қазіргі заманның білімін игерген жаңа буын мамандарына қажеттіліктің өсіп отырғандығымен ерекшеленеді.

Алдыңғы қатарлы дамыған елдердің тәжірибесі көрсетіп отырғандай, халықтың нағыз құқықтық жағынан қорғалуына құқықтық сана мен құқықтық мәдениетті қалыптастыру арқылы жетуге болады, ал бұл саладағы алға ілгерілеу жаппай құқықтық сауаттылық арқылы ғана мүмкін болады, мұның өзі ғылым мен білім мәдениеттің маңызды салалары, адамды дамытудың, оның құқықтық-саяси әлеуметін қалыптастырудың күшті факторы ретінде әрекет етіп, жоғары деңгейдегі маман болуға қабілетті және болғысы келетін адамдарға білім мен тәрбие беру жолдарын ұйымдастыруды қайтадан ойластыру қажеттілігін туындатады.

Болашақ құқық қорғау қызметі мамандарын кәсіби-тәрбиелікке қалыптастырудың педагогикалық сапасын арттыруды қамтамасыз ету үшін келесі мәселелер шешімін тапса деп ойлаймын:

- жаңа ғылыми педагогикалық және психологиялық, этикалық білімдерді кірістіру арқылы кәсіби білім берудің мазмұнын жетілдіру;
- білікті ғалым-педагогтар мен тәжірибелі мамандарды педагогикалық қызметке тарту;
- тыңдаушыларды мамандыққа ынталандырудың тиімді жүйесін құру.

Болашақ құқық қорғау қызметі тыңдаушыларының даярлығын үнемі жетілдіріп отырудың қажетті шарты ішкі істер министрлігі оқу орындарынан шығатын маманның қоғамның талаптарына сәйкес келуі болып табылады. Қазіргі кезде қоғамдық-саяси ойлаудың қарқынды дамуы кәсіби білім беру жүйесінде үнемі жаңа идеяларды іздестіріп отыруды және оның үздіктерін таңдап алуды міндеттейді. Сондықтан қоғамдық қатынастар саласындағы жаңалықтар мамандарды оқыту мазмұнында көрініс табуда, ал кәсіби білім беру құқық қорғау органдарының жаңару перспективасына сай жүзеге асырылуда.

Мәселенің түйінін айтқанда жаңа онжылдықта демократиялық мемлекеттегі құқық қорғау қызметінің жоғары халықаралық стандарттарына сай келетін жаңа құқық қорғау жүйесінің дайындалуы айғақ.